

ТЕМІРЖОЛШЫ ӘУЛЕТІ

5-БЕТ | ЕҢБЕК АДАМЫ



ШЕКАРА ШЕГЕНДЕЛДІ МЕ?

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ӨНЕРІ – ІЗГІЛІК МЕКЕНІ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Міржақып Дулатұлы «Халыққа ең пайдалы адам – мұғалім» деген. Мұғалім – әр азамат үшін өте қадірлі тұлға. Басқа сөзбен айтқанда, мұғалім әрбір балаға өмір жолын көрсетеді. Ұстаз – тәлім-тәрбие мен білімнің қайнар көзі. Кез келген қоғамның кемелдігі, өркениеттілігі ұстазға деген қатынасымен өлшенеді.

№117
(4861)
Сенбі
4 қазан
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Құрметті ұстаздар қауымы!

Сіздерді Ұстаздар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Қажырлы еңбектеріңізге, шыдамдылықтарыңыз бен адалдықтарыңызға айрықша алғыс білдіремін.

Сіздер балаларымызға білім беріп қана қоймай, ой-өрісін кеңейтуге, сезінуге, өз өмірі мен қоғамның болашағына жауапкершілікпен қарауға баулисыздар.

Бүгінде елордамыздың білім беру жүйесі қарқынды дамып келеді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Астанада 23 заманауи әрі жайлы мектеп бой көтерді. Біз оқу процесінің қауіпсіз әрі қолайлы өтуі үшін барлық жағдайды жасап келеміз. Ал мұның барлығы сіздердің кәсіби біліктіліктеріңіздің, жауапкершіліктеріңіз бен өзгерістерге әрдайым дайын болуларыңыздың арқасында ғана мүмкін болып отыр.

Заманауи елордалық ұстаз – шәкірттерімен бірге дамып, заман талабына сай қадам басатын, адалдық пен мейірімнің, жігер мен парасаттың ерекше үлгісі.

Сіздерге зор денсаулық, сарқылмас шабыт, шәкірт пен ата-ананың шынайы құрметі мен алғысын тілеймін! Еңбектеріңіз әрдайым қуаныш сыйлап, мерейлеріңізді асыра берсін! Мерекелеріңіз құтты болсын!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі

ҰСТАЗ – ҰЛТТЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Ертең елімізде – Мұғалім күні мерекесі аталып өтіледі. Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан ұстаздар қауымына, мұғалім мамандығына айрықша көңіл бөлініп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мұғалімдердің кәсіби мерекесі елімізде ерекше аталып өтілетінін, ұстаз болу нағыз білікті, дарынды, шебер маманның ғана қолынан келетінін айтып, мұғалімнің еңбегі соған лайық бағалануы тиіс деп атап өтті.

АЭС-ке АТАУ ҰСЫНЫҢЫЗ

Қазақстанда салынатын алғашқы Атом электр станциясына ең үздік атау беру бойынша байқау басталды.


Атом энергиясы жөніндегі ҚР агенттігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, байқауға елдің әрбір тұрғыны eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы қатыса алады.

Қатысу үшін тілді (қазақ немесе орыс) таңдап, өз атау нұсқаңызды ұсыну, қажет болса оның мағынасын қысқаша сипаттау және байқаудың ресми ережелерімен танысқаныңызды растау қажет.

Ұсыныстар 10 қазан күні сағат 23:59-ға дейін қабылданады.

4-5 ҚАЗАН
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Онда Батыс Қазақстан мен Қостанай облыстарының ауылшаруашылық тауар өндірушілері Астанаға өнім әкеледі. Жәрмеңке «Қазанат» ипподромының автотұрағында (Қарқаралы тас жолы, 1) сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін жұмыс өтеді.



Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ


Астана қаласының тұрғындары абаттандыру, көгалдандыру, жолдарды жөндеу мәселелері бойынша өтінімдерді «Таза Қазақстан» онлайн-платформасы арқылы жолдай алады.

Қазір онлайн-платформа қызметі қала тұрғындары арасында үлкен сұранысқа ие болып отыр. Елордалықтардан түсетін барлық ескерту дер кезінде қаралып, тұрғындарға қолайсыздықты азайтуға мүмкіндік береді.

– Әрбір қала тұрғыны «Таза Қазақстан» платформасында абаттандыруға қатысты өз проблемасын жеткізе алады. Жүйе іске қосылғаннан бері 3158 өтінім түскен, оның 2803-і орындалды, тағы 39-ы – іске асу сатысында, қалғандары қаралу үстінде, – делінген хабарламада.

Өтінімдерде көтерілген негізгі мәселелер – аумақтарды абаттандыру, жарықтандыру, жолдарды жөндеу, көгалдандыру, рұқсатсыз қоқыс үйінділерін жоюға қатысты болып отыр.

№117 (4861) 04/10/2025 Сенбі





ЕКІ ЕЛ ҚАТЫНАСЫНЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Мажарстан Президенті Тамаш Шуйокпен кездесті. Келіссөзге дейін Ақорда резиденциясында Мажарстан Президентін салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Құрмет қарауылы ротасының бастығы президенттерге рапорт берген соң екі елдің әнұрандары шырқалды. Будан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Тамаш Шуйок келіссөз залына барды. Одан әрі екі ел делагация мүшелерінің қатысуымен келіссөздер кеңейтілген құрамда жалғасты.

ӘЛЕУЕТІ ЗОР ЫҚПАЛДАСТЫҚ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Мажарстан Президенті Тамаш Шуйокпен жүргізген келіссөзі екі елдің делегация мүшелерінің қатысуымен жалғасты. Мемлекет басшысы Астана мен Будапешт арасындағы тығыз әрі сенімді қарым-қатынас ғасырлар қойнауынан тамыр тартатынын және өзара құрметке негізделгенін атап өтті. Қазақстан Президенті өткен жылы Мажарстанға жасаған сапары бірқатар маңызды келісімдерге қол қойылуымен ерекшеленгенін жеткізді. Бұл екі ел арасындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастық пен бауырластық байланыстарды нығайту үшін жаңа перспективаға жол ашты.

Мемлекет басшысының айтуынша, екіжақты сауда-экономикалық қарым-қатынастардың берік негізі мен зор әлеуеті бар. «Былтыр тауар айналымы шамамен 200 миллион долларға жеткенін, ал биылғы сегіз айда 22 пайыз өскенін (164,5 миллион доллар) ерекше ықыласпен атап өткім келеді. Бүгінде Қазақстан экономикасына 400 миллион долларға жуық инвестиция салған 35-тен аса мажар компаниясы жұмыс істеп жатыр. Біз қазірдің өзінде ауыл шаруашылығы, жаңартылатын энергия, денсаулық сақтау, логистика мен қаржы салаларында 607 миллион долларға бағаланатын 20 бірлескен жобаны іске асырып жатырмыз» деді Қазақстан Президенті.

Тараптар мәдени-гуманитарлық ықпалдастық мәселелеріне мән берді. Халықтарымыздың тарихи жақындығы мен бауырластығының дәлелі ретінде 2023 жылы Астана көшелерінің біріне көрнекті мажар ақыны Шандор Петефидің есімі берілген болатын. Президент жыл сайын еліміздің 250 студенті мажар университеттерінде оқитынына тоқталып, білім алмасудың маңызын атап өтті. Сонымен қатар отандық жоғары оқу орындары да мажарлық студенттер мен зерттеушілерді көптеп қабылдауға дайын екенін мәлімдеді.

Тамаш Шуйоктың айтуынша, Қазақстанмен жан-жақты байланыстарды дамыту Мажарстанның сыртқы саясатында айрықша орын алады. «Халықтарымыздың сан ғасырдан бері жалғасқан байланысының тіні берік екенін ұдайы байқап жүрміз. Мажарлықтар өздерінің шығыстағы түп тарихына әрдайым қызығушылықпен қарайды. Сондықтан еліміз Шығыс пен Батыс, Орталық Азия мен Орталық Еуропа арасындағы алтын көпір ретінде миссиясын үнемі атқарып келеді. Президент мырза атап өткендей, 2014 жылы Стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойылып, бұл қарым-қатынасымыздың негізін қалады. Экономикалық ынтымақтастықтың аясы кеңейіп келе жатыр. Ал мәдениет пен білім саласындағы ықпалдастығымыз көп жұртқа үлгі. Бұл артық айтқандық емес. Қазақстанмен байланысымызды стратегиялық тұрғыдан маңызды деп санаймыз әрі жоғары бағалаймыз. Қазіргідей дағдарыс кезеңінде Шығыс пен Батыс арасындағы ынтымақтастық айрықша мәнге ие бола бастады» деді Мажарстан Президенті.

Келіссөз барысында сауда-инвестиция, энергетика секторы, атом энергиясы, көлік-логистика, қаржы, цифрландыру және жасанды интеллект секілді салалардағы екіжақты ынтымақтастық мәселелері кеңінен қарастырылды. Мемлекеттер басшылары халықаралық саясаттың басты мәселелеріне қатысты екі елдің ұстанымдары ұқсас және көпжақты форматтағы тығыз ықпалдастықты жалғастыруға дайын екенін растады.

І ДӘРЕЖЕЛІ «ДОСТЫҚ» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Тамаш Шуйокты Қазақ елінде қарсы алу үлкен мәртебе екенін, халқымыз Мажарстан Президентін аса көрнекті мемлекет қайраткері, парасатты басшы, беделді тұлға деп қабылдайтынын атап өтті. «Сіз сарабдал саясатыңыз арқылы Мажар елінің әлеуметтік-экономикалық дамуын ілгерілетуге, халықаралық сахнадағы беделін нығайтуға өлшеусіз үлес қосып келесіз. Біз Мажарстанның Қазақстан тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып таныған мемлекет екенін еш уақытта ұмытпаймыз. Ал егемен ел ретінде Еуропада тұңғыш елшілігімізді Будапешт төрінде ашқанымыз ерекше символдық мәнге ие» деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы екі елді тереңнен тамыр тартатын ортақ тарих, ұқсас мәдени құндылықтар, бекем достық байланыстыратынын айтты. «Қазақ халқы Мажар елімен орнаған ерекше қарым-қатынастарды қашанда үлгі тұтады, қастерлейді. Бүгінде сан қырлы екіжақты ықпалдастық бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Ұрпақтан-ұрпаққа мұра болатын стратегиялық серіктестіктің жарқын үлгісіне айналды. Жаңа ғана Өзіңізбен өткен мазмұнды келіссөздеріміз екі ел арасындағы ынтымақтастық қарқынды дамып келе жатқанын растады. Елдеріміз саяси, экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстың аясын кеңейтуге мүдделі. Біз қол жеткізген маңызды уағдаластықтар қазақ-мажар ықпалдастығын жаңа деңгейге көтеруге жол ашады деп сенемін» деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тамаш Шуйоктың Қазақстан мен Мажарстан арасындағы серіктестікті нығайтуға қосқан сүбелі үлесін, жеке қолдауын өте жоғары бағалайтынын жеткізді. «Екі ел арасындағы байланысты күшейту жолындағы еңбегіңізді және айрықша рөліңізді ескере отырып, Сізді І дәрежелі «Достық» орденімен марапаттау туралы шешім қабылдадым. Бұл – қазақ жұртының Өзіңізге деген шынайы құрметі, риясыз көңілі. Сондай-ақ осы жоғары марапат халықтарымыздың мәңгілік бауырластығының тағы бір символы болады деп сенемін» деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Мажарстан Президенті көрсетілген сый-құрмет үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Тамаш Шуйок әрқашан қазақ-мажар достығына қолдау көрсететініне назар аударып, Орталық Азия мен Еуропа арасында дәнекер болуға бар күш-жігерін жұмсайтынын жеткізді.

ТАМЫРЫ БІР АҒАЙЫН ЖҰРТПЫЗ

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан мен Мажарстан президенттері БАҚ өкілдері үшін мәлімдеме жасады. Мемлекет басшысы Мажарстан Президентінің Қазақстанға алғашқы ресми сапарын екі ел қарым-қатынасының жаңа белесі деп қабылдайтынын айтты. Сонымен қатар Мажарстан соңғы 20 жылда еліміздің экономикасына 385 миллион доллардан астам инвестиция салды. MOL компаниясы Қазақстанның газ саласында табысты жұмыс істеп жатыр. Күн тәрбінде тағы да басқа ауқымды жобалар бар. Елімізде нада өткен Digital Bridge 2025 халықаралық форумына арнайы келіп қатысқаны және жасанды интеллект жөнінде ой-пікірін бөліскені үшін Тамаш Шуйокқа шынайы ризашылығын білдірді. «Біз – тамыры бір ағайын жұртпыз. Мажарстан – Қазақстанның Тәуелсіздігін алғаш мойындаған елдің бірі. Сондай-ақ бізбен стратегиялық әріптестік орнатқан Еуропа Одағындағы тұңғыш мемлекет. Қазақстан егемен ел ретіндегі алғашқы елшілігін Будапешт қаласында ашқан болатын. Бүгінде елдеріміз арасындағы саяси диалог жоғары деңгейде жүріп жатыр. Мемлекеттеріміз барлық салада ашық әрі өзара сенімге негізделген байланыс орнатты. Сауда-экономика және инвестиция саласындағы ынтымақтастық нығайып келеді. Екі елдің қарым-қатынасына арқау болған шарттық-құқықтық негіз қалыптасты. Халықаралық ұйымдар аясындағы ықпалдастық кеңейді. Былтыр қарашада Будапештке жасаған мемлекеттік сапарымның қорытындылары – осының айқын дәлелі. Мызғымас достық пен өзара қолдауға негізделген серіктестігіміз алдағы уақытта да табысты болады деп сенемін. Осы оң үрдіске Мажарстан Президентінің қосқан елеулі үлесін өте жоғары бағалаймын. Сондықтан бүгін жоғары Мәртебелі Президент Тамаш Шуйокты І дәрежелі «Достық» орденімен марапаттау мен үшін үлкен мәртебе болды» деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тамаш Шуйокпен кеңейтілген құрамда мазмұнды келіссөздер жүргізіп, ықпалдастықты күшейтудің жаңа бағыттары туралы әңгімелескенін жеткізді. Тараптар сауда-экономика саласындағы байланысты дамыта түсу қажет екеніне баса назар аударған. «Былтыр екі елдің алыс-берісі 200 миллион доллар шамасында болды. Келешекте оны 1 миллиард долларға дейін жеткізуді көздеп отырмыз. Мажарстан соңғы 20 жылда еліміздің экономикасына 385 миллион доллардан астам инвестиция салды. MOL компаниясы Қазақстанның газ саласында табысты жұмыс істеп жатыр. Күн тәрбінде тағы да басқа ауқымды жобалар бар. Елімізде UBM Group, Gedeon Richter, Globalia сияқты алпауыт компаниялар да жұмыс жүргізуде. Қазіргі таңда 20 ортақ жобаны жүзеге асырып жатырмыз. Біз инвестициялық қарым-қатынастарымызды одан әрі кеңейтуге мүдделіміз. Осы ретте, энергетика, атом өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы сияқты түрлі бағыттағы ықпалдастығымызды арттыруға уағдаластық» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, келіссөздер барысында халықаралық көлік дәліздерін, логистика инфрақұрылымын дамытудың маңызына мән берілген. «Биыл Шымкенттен Будапештке тікелей әуе қатынасы ашылды. Енді екі ел астаналары арасындағы әуе қатынасын қайта орнату мүмкіндігін қарастырамыз деп келістік. Келіссөз аясында жасанды интеллектіні және цифрлық технологияны экономикаға жаппай енгізудің маңыздылығына баса мән бердік. Осыған орай, бірлесе жұмыс істеуге дайын екенімізді жеткіздік. Оған қоса қаржы саласына қатысты тың жобаларды жүзеге асыруға уағдаластық. Жалпы, Қазақстанда жұмыс істеуге ниетті мажар компаниялары үшін қолайлы жағдай жасауға дайын екенімізді жеткіздім. Екі елдің Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясы және Іскерлік кеңесі осы мәселеге баса мән беруі қажет деп санаймын» деді Мемлекет басшысы.

Президент мәдени-гуманитарлық байланыстарды қазақ-мажар қатынасының алтын арқауы деп атады. «Осы бағыттағы ынтымақтастықты нығайту айрықша маңызды. Сондықтан мәдениет, білім-ғылым саласында бірлескен жобаларды жүзеге асыруға ерекше назар аударамыз. Қазіргі таңда мажар елінің үздік жоғары оқу орындарында Қазақстанның мыңнан астам студенті білім алып жатыр» деді Президент.

БАС ХАТШЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы ОПЕК бас хатшысы Хайтам әл-Гаисты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Хайтам әл-Гаис әлемдік мұнай нарығының қазіргі жағдайы мен ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін талқылады. Мемлекет басшысы ОПЕК-тің жаһандық мұнай нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған күш-жігерін жоғары бағалады. Қасым-Жомарт Тоқаев Хайтам әл-Гаистың сапарын еліміз бен ұйым арасындағы конструктивті диалогты дамытуда маңызды қадам ретінде қарастыратынын атап өтті. Президенттің айтуынша, Қазақстан ұлттық мүддені қорғауға басымдық бере отырып, мұнай өндіру көлемін біртіндеп ұлғайту жөніндегі ОПЕК+ шешімін қолдайды. Әңгімелесу барысында өңірдегі энергетикалық жүйенің орнықтылығын нығайту бағытындағы бірлескен шаралар пысықталды. Сондай-ақ мұнай өндіруші елдер мен көмірсутегін импорттаушы мемлекеттер арасындағы мүдделер теңгерімін сақтаудың маңызына мән берілді.



ҰСТАЗ – ҰЛТТЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Астана қаласы Білім басқармасының ұйымдастыруымен «QAZAQSTAN» орталық концерт залында Ұстаздар күніне арналған «Ұстаз – ұлттың шамшырағы» атты салтанатты мерекелік концерт өтті.

Райхан РАХМЕТОВА

Іс-шараға елорданың 3000-ға жуық педагогі және еліміздің барлық өңірінен үлгілі ұстаздар келіп қатысты. Сонымен қатар мерекелік кешке Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, білім саласының ардагерлері мен мамандары құрметті қонақ ретінде шақырылды. Салтанатты кеш аясында министр өмірлік маңызды миссия арқалаған барша ұстаздарды мерекемен құттықтап, саланы дамытуға зор үлес қосқан педагогтерді «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат» және «ҚР Еңбек сіңірген ұстазы» медальдерімен марапаттады. Кеш барысында бала бойына білім мен тәрбиенің дәнін егетін ұстаздар қауымына ерекше құрмет көрсетілді.

– Ұстаз болу – бұл жай ғана мамандық емес, бұл ұрпаққа білім мен тәрбие беретін қасиетті жол, даналық пен мейірімнің үлгісі. Бүгін біз сіздерге алғыс айтуға тағы бір мүмкіндік туып тұр. Мемлекет басшысы «Ұстаз – ұлттың шамшырағы» деп ерекше атап өтті. Мемлекеттің басым мақсаттарының бірі – өскелең ұрпаққа сапалы білім беруге жағдай жасау. Қазіргі таңда елордада 200-ден астам мектеп бар. Онда 300 мыңнан астам оқушы білім алуда. Оларға 30 мыңға жуық мұғалім сабақ береді. Жаңа оқу жылында 628 жас маман қатарға қосылды. Соңғы 2 жылда «Келешек мектептері» жобасы шеңберінде 23 жаңа мектеп салынды. Балалардың сапалы әрі мазмұнды бос уақытын ұйымдастыру мақсатында 2 жаңа оқушылар сарайы пайдалануға берілді, тағы 3 нысанның құрылысы аяқталуға жақын. Соның бірі биыл жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Біз балалардың сапалы білім алуына, ұстаздардың жайлылығы мен дамуына қолайлы жағдай жасауды жалғастыра береміз. Мереке қарсаңында барша Ұстаздар қауымын кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! – деді қала әкімінің орынбасары Есет Байкен.

Ол елорданың білім беру саласына сүбелі үлес қосып жүрген бірқатар педагогтар мен үздік білім ордаларына арнайы марапаттар табыстады. Атап айтқанда, «Құрметті педагог» марапаты Ж.Аймауытов атындағы №24 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Дана Жаңабекке, №9 «Зерде» мамандандырылған лицейі география пәнінің мұғалімі Гүлшат Ермағанбетоваға, №2 арнайы мектебі еңбек пәнінің мұғалімі Зумрет Самратоваға берілді. Сонымен қатар «Үздік техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы» арнайы сертификатына Астана қаласы әкімдігінің Жоғары көлік және коммуникация колледжі ие болды. «Үздік білім беретін орта мектеп» марапаты Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейіне табыс етілді. Мерекелік жиын соңы елімізге танымал эстрада жұлдыздарының және өнерлі ұстаздардың қатысуымен концерттік бағдарламаға ұласты.



Құрметті ұстаздар мен педагогикалық саланың ардагерлері!

Сіздерді шын жүректен Ұстаздар күнімен құттықтаймын!

Бұл мереке – ерекше, өйткені ол өмірін ең асыл іске – өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуға арнаған жандарды біріктіреді. Сіздер тек білімімен бөліспей, болашақ ұрпақты қалыптастырасыздар. Сіздердің еңбектеріңіздің, сабырлылықтарыңыз бен даналықтарыңыздың арқасында мыңдаған балалар білім әлеміне жол тауып, өз қабілеттерін ашып, елін сүйетін азамат болуға үйренуде.

Педагогикалық саланың ардагерлеріне айрықша алғыс айтамын. Сіздер елордамыздың қазіргі білім беру жүйесінің берік іргетасын қалап, жас мамандарға мол тәжірибелеріңізді, кәсіпке адалдық пен балаларға деген сүйіспеншілікті жеткіздіңіздер.

Сіздердің жұмыстарыңыздың әр күні шәкірттер мен ата-аналардың сый-құрметі мен алғысына толы болсын, жүректеріңізде әрқашан жетістіктеріңізге деген мақтаныш сезімі орын алсын. Сіздерге мықты денсаулық, мол бақыт, сарқылмас жігер және ағартушылық жолындағы еңбектеріңізге жаңа табыстар тілеймін.

Мерекелеріңіз құтты болсын, қадірлі ұстаздар!

Құрметпен,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы
Табиғат ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН

Құрметті ұстаздар!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да Сіздерге, ұстаздар қауымына деген құрмет әрдайым арта бермек! Қызығы мен шыжығы қатар жүретін ұстаздық жолдарыңыз тек өрлеу мен өсуге бастасын.



Мерейлі мерекелеріңіз құтты болсын! Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, істеріңізге береке тілеймін!

Зулфухар ҒАЙЫПОВ,
Астана қаласы
Қоғамдық кеңесінің төрағасы

ИНКЛЮЗИВТІ ОЙЫН АЛАҢЫ АШЫЛДЫ

Астананың Нұра ауданында ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған жалпы аумағы – 738 шаршы метрді құрайтын жаңа инклюзивті ойын алаңы ашылды.

Алаң көру қабілеті нашар, қозғалысы шектеулі және тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға бейімделген. Мұнда ойын, спорт және танымдық аймақтар біріктіріліп, қолжетімділік үшін тактильді плиткалар, бағыттаушы жолақтар, Брайль қарпімен ақпараттық тақтайшалар, сезімдер жолағы, кең жолдар мен ыңғайлы навигация орнатылған.

Сонымен қатар ойын алаңында батуттар, әткеншектер, воркаут аймағы, инклюзивті ойын кешені, көтеріңкі құмсалғыш бар. Және де шағын кітапхана, арнайы орындықтар мен үстелдер, арбаларға арналған тұрақ қарастырылған.

Ал балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту үшін интерактивті «мини-қалашық» жасалған. Онда өрт сөндіру бекеті, жедел жәрдем, полиция, қонақүй, мейрамхана, жол белгілері мен бағдаршамдар орналасқан.

«Біздің міндетіміз – әрбір отбасының өзін қоғамның назарында, қамқорлықта сезінуі инклюзивті ойын алаңы – балалардың еш кедергісіз бірге ойнап, бірге дамуына жол ашатын маңызды бастама» деді алаңның ашылу салтанатында сөз сөйлеген аудан әкімі Ришат Тұрдыбеков.



ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ – ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТТА

Астана қаласында жыл сайын шамамен 200 мың адамға әлеуметтік көмек беріледі. Бұл туралы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басқарма басшысы Илья Скуб елорданың Коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтты.

Оның сөзінше, әлеуметтік көмек зейнеткерлерге, соғыс ардагерлеріне, мүгедектерге, көпбалалы отбасыларға және әлеуметтік аз қамтылған азаматтарға тегін қызмет көрсету мен ақшалай төлемдер түрінде көрсетіледі.

«Әлеуметтік қолдау көрсетудің негізгі тетіктерінің бірі – атаулы әлеуметтік көмек (АӘК). Ол жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен төмен отбасыларға беріледі. АӘК еңбекке қабілетті азаматтарды жұмыспен қамтуға ынталандырып, кедейлік шегінен шығуға мүмкіндік береді» деді Илья Скуб.

Басқарма басшысы 2025 жылдың басынан бастап елордада АӘК 1 506 отбасыға (7 768 адам) тағайындалғанын атап өтті. Оның ішінде шартсыз көмек 780 отбасыға, шартты көмек 887 отбасыға берілді. Ал 350 отбасыға өтініш қанағаттандырылмаған. Салыстырар болсақ, 2024 жылы бұл көрсеткіш 2 614 отбасыны (13 269 адам) қамтыған. Сондай-ақ АӘК-ке қосымша ретінде 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға ай сайын 1,5 АЕК мөлшерінде төлем тағайындалады. Биыл бұл төлем 5 898 теңгені құраған.

Илья Скубтың айтуынша, АӘК алушылар арасындағы еңбекке орналасу үлесі 65,7%-ды құрап отыр. Бұл жоспарға толық сәйкес келеді. Жыл сайын көрсеткіштің төмендеуі – еңбекпен қамту шараларын іске асыру және жеке кәсіп ашуға жағдай жасаудың нәтижесі.

Сонымен қатар, АӘК жүйесін жетілдіру үшін бірқатар цифрлық шешім енгізілген. Мәселен, учаскелік комиссиялардың жұмысын жеңілдететін FSM Social мобильді қосымшасы іске қосылды. Ол тексеру рәсімдерін жеделдетіп, деректердің ашықтығын қамтамасыз етеді. Бұдан бөлек, 2023 жылдан бері қолданылып келе жатқан Цифрлық отбасы картасы азаматтардың әл-ауқат деңгейін 84 көрсеткіш бойынша бағалайды.

«Әлеуметтік қолдаудың басты мақсаты – тек көмек көрсету ғана емес, азаматтарды жұмыспен қамтуға тартып, кедейлік шеңберінен шығару. Жаңа цифрлық шешімдер бізге әлеуметтік саясатты әділетті әрі тиімді жүргізуге мүмкіндік береді» деді басқарма басшысы.

ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ ШАРА

Елордада «Заң және тәртіп» қағидаты аясында қала прокуратурасының үйлестіруімен есірткі қылмыстарына қарсы айлық жалғасуда. Осыған орай «Жас үміт» жобасы аясында Бейбітшілік және келісім сарайында «Жастар қарсы – бізбен бірге!» ұранымен «Zertteme» атты есірткіге қарсы шара өтті. Оған жасөспірімдер мен елордалық жастар қатысты.

Кездесу мектеп оқушыларына, колледж және ЖОО студенттеріне, сондай-ақ этномәдени қауымдастықтардың өкілдеріне арналды.

Іс-шараны қалалық прокуратура, елордалық Білім басқармасы және Сарайшық ауданы әкімдігі ұйымдастырды. Шараға 8 ЖОО, 20 колледж және 10 мектептің студенттері мен оқушылары қатысты.

«Жыл басынан бері елордалық прокуратура жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алуға бағытталған «Жас үміт» жобасын жүзеге асырып келеді. Сонымен бірге, Астанада нашақорлықтың алдын алу бойынша айлық өткізілді. Оның аясында түрлі іс-шаралар өтті. Белгілі блогерлер өз қатарластарына зиянды әдеттер жайында түсіндірді, сондай-ақ бір ай бойы спорттық шаралар ұйымдастырылды. Біз қала әкімдігімен бірлесіп белсенді жұмыс жүргізіп келеміз. Жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен 100-ден астам іс-шара өткізілді. Білім беру ұйымдарымен қатар, адамдар көп жиналатын орындарда – елордалық базарларда да ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүргізілді. Біздің мақсатымыз – аудиторияға заң алдында бәрінің тең екенін жеткізу» деп атап өтті Астана қаласы прокуратурасының қылмыстық құдалау басқармасы басшысының орынбасары Нұрсұлтан Құдабаев.

Кездесу барысында құқық қорғаушылар қатысушыларға есірткінің зиянды әсері мен есірткі бизнесіне тартылу қаупі туралы бейнеролик көрсетті.

№117 (4861) 04/10/2025 Сенбі

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС...

Әлемдегі бар адамды білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беретін мұғалім – ұлы мамандық. Соның ішінде ұстаздық қасиеті зор ұлағатты жандардың орны ерекше бөлек. Үкіметтің тиісті қаулысымен Қазақстанда педагогтардың кәсіби мерекесі – Мұғалімдер күні ертең, яғни 5 қазанда атап өтіледі. Осылайша бұл мереке 100-ден астам әлем елі атап өтетін Дүниежүзілік мұғалімдер күнімен сәйкестендірілді.

Райхан РАХМЕТОВА



Елімізде соңғы жылдары білім беру мекемелері көбейтіліп, олардың материалдық-техникалық базасын заман талабына сай жабдықтауға, білім саласын дамытуға ерекше қамқорлық жасалуда. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, бүгінде Қазақстанда мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында 500 мыңнан астам педагог еңбек етеді. Ал Астананың білім беру саласында 29 мыңнан астам педагог жұмыс істейді. Педагогтарды жұмысқа қабылдау ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №96 бірлескен бұйрығына сәйкес сертификациядан өту міндеттелген конкурстық негізде жүргізіледі. Бүгінгі күні Астанадағы мектептерге орыс тілінде оқытатын бастауыш сынып мұғалімдері, орыс тілінде оқытатын математика, информатика, физика пәні педагогтары және орыс тілі мен әдебиет пән мұғалімдері қажет. Жыл сайын елордалық әкімдігі педагогикалық мамандықтар бойынша жоғары білім беру ұйымдарына әкім грантын бөліп отыр. Болжам бойынша 2027 жылға дейін 4 629 түлектер білімдерін аяқтайды. Биылғы жылы әкім гранты бойынша 398 түлек білім беру ұйымдарына жұмысқа орналастырылды.

Мұғалімдер күні – білім беру саласындағы қызметкерлердің барлығына ортақ кәсіби мереке. Бұл күні ұстаздар қауымының қоғам дамуындағы рөлі мен еңбегі, оған қосатын зор үлесі атап өтіледі.

– Астана – еліміздің білім мен ғылымның ордасына айналған ірі орталықтардың бірі. Қазіргі таңда елорда мектептері мен колледждері, балабақшаларында жоғары отыз мыңға жуық ұстаз жас ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие беріп, еңбек етіп келеді. Ұстаз – әрбір қоғамның рухани тірегі. Бүгінде елорда ұстаздары жаңа заман талабына сай біліктіліктерін арттырып, цифрлық технологияларды меңгеріп, білім сапасын көтеруге зор үлес қосып жүр. Олар – болашақтың бағытын айқындайтын жастарды тәрбиелеуде алдыңғы шепте жүрген жандар. Барша ұстаздар қауымын төл мерекесімен шын жүректен құттықтап, абыройлы да жауапты қызметіне табыс пен сәттілік тілеймін! – дейді Астана қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев.

Бүгінде елордада 570 жылдық тарихы бар ұстаздар династиясы тұрады. Сонымен қатар 70 жаста әлі де білім беріп, шәкірттерінің жүрегіне жол тапқан ұстаз да Астанада өмір сүреді. Ұстаз әкелерінің жолын қуған бір үйдің алты баласы елорда мектептерінде еңбек етеді. 40 жыл өмірін ұстаздық қызметке арнаған тәжірибелі педагог та астаналық жастарға білім беруде. Сонымен қатар ата, ене, жолдасы және өзі де ұстаздық қызметті атқаратын үлгі отбасы да осында. Шәкірттен-әріптеске дейін, яғни бір салада қызмет еткен ұстаз бен шәкірті де – өзгелерге үлгі. Ұстаздар күніне орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің мұғалімдерін кәсіби мерекемен құттықтап, білім беру саласына сіңірген еңбектері үшін бірқатар педагогтарға мемлекеттік наградалар табыстады. Салтанатты рәсім барысында Астана қаласының екі бірдей үздік ұстазы жоғары марапатқа ие болды. «Astana Polytechnic» жоғары колледжінің арнайы пәндер оқытушысы Гүлнәр Әбдрайымоваға «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы берілді.

Ал Urban School мектебінің педагогі Лукашевич Александр Аркадиевич «Шапағат» медалімен марапатталды. Ұстаздар қауымына көрсетілген бұл құрмет – білім саласына деген мемлекеттің айрықша назарын көрсетеді.

СЕКСЕНДЕГІ МҰҒАЛІМНІҢ САБАҒЫ

Ұрпақтың тағдыры, елдің келешегі – ұстаздың қолында. Сондықтан халқымыз ұстазды әрқашан ардақтап, оған шексіз құрмет көрсеткен. Астана қаласының №4 мектеп-гимназиясының зейнеткері Дәмеш Өмірбекқызы – ұстаз деген атқа әбден лайық жандардың бірі. Ол – сексен жасқа келсе де, балаларға химия пәнінен сабақ беріп, әлі де шәкірт тәрбиелеп жүрген ардақты ұстаз.



Дәмеш Өмірбекқызы саналы ғұмырын мектеппен байланыстырып келеді. Оқушы кезінен білімге құштар болған ол, жоғары оқу орнын тәмамдаған соң түлеп ұшқан мектебіне қайта оралып, химия пәнінен балаларға сабақ бере бастайды. Жылдар өтіп, талай ұрпақ түлеп ұшты, талай шәкірт ғылым жолына түсті, талайы ел басқарды, әр салада жетістікке жетті.

«Бала күнімде мұғалімге деген құрметім ерекше еді. Менің өмір жолымдағы ұстаздардың бәрі керемет болатын. 1950-1960 жылдары химия пәнінің мұғалімі жоқтың қасы еді. Зертханалық жұмыстарға қатты қызығатынмын. Химиялық реакциялардың әрбірінен ой тиюге тырыстым. Жүрегіммен мұғалім болуды шынайы қаладым. Осы мамандыққа ерекше құштар болып өстім» дейді Дәмеш Өмірбекқызы.

Сексеннің сеңгірінде жүрсе де, шәкірттердің әрбір сұрағына жауап беріп, жалықпай түсіндіретін қайрат пен сабыр қайдан келеді? Бұл – Дәмеш Өмірбекқызының жүрегіндегі сүйіспеншіліктің, мамандығына деген адалдығының арқасы.

Ұстаздың әр сабағы тек қана химияның формуласы мен реакциясын түсіндіру емес, ол өмірді танудың, еңбектің қадірін білудің, ұрпақ алдындағы жауапкершіліктің мектебі болды.

Зейнетке шыққаннан кейін де ұстаз үйде қарап отырмай, қайтадан мектепке оралды. «Мектеп – менің екінші үйім, балалар – жүрегімнің қуанышы» дейді өзі. Шынында да, жас шәкірттердің күлкісі, білімге деген құштарлығы ұстаздың жүрегін жасартып келеді.

Мектеп директоры Айгүл Есенқызы «Балалардың ұстазының ұстазы шәкірттерге білім беруі – біз үшін үлкен мәртебе. Яғни, ұстаздардың ұстазы мектебімізде тәлім беріп жүр. Дәмеш мұғалім ортамызға жиі келеді. №4 мектепте 55 жыл еңбек өтілі бар. Ұлағатты ұстазымыз келгенде құшағымыз да, есігіміз де айқара ашық» дейді.

Мектеп ұжымы Дәмеш Өмірбекқызын «біздің тірегіміз – даналық қазынамыз» деп бағалайды. Жас мамандар одан ақыл сұрап, тәжірибесін үйренеді. Ал ата-аналар мен оқушылар ұстазды ардақтап, мақтаныш тұтады. Өйткені ол – өз мектебінен жырақ кетпей, дәл өзі білім алған қара шаңырақта елдің болашағы үшін аянбай еңбек еткен адал жан. Ұстаздың еңбегі еленіп, «Еңбек ардагері», Халық ағарту ісінің Құрметті қызметкері белгісін, Ыбырай Алтынсарин медальдарын кеудесіне тағып, ҚР құрметті азаматы атағын алды.

Ұстаздық – кез келгеннің маңдайына бұйыра бермейтін қасиетті жол. Ал туған мектебінде елу бес жыл бойы жас ұрпаққа білім беріп, әлі күнге дейін шәкірт тәрбиелеп жүрген сексен жастағы ұлағатты ұстаз – халқымыздың мақтанышы, ұрпаққа шамшырақ. Оның ғұмыры – өнегелі, еңбегі – мәңгілік.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

ЕҢБЕГІ ЕЛЕНДІ

Мұғалімдердің кәсіби мерекесі қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қаулысымен бір топ ұстаз білім беру саласына қосқан елеулі үлесі және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін мемлекеттік наградалармен марапатталды. «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағын алғандардың арасында «ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжінің оқытушысы Гүлнар Әбдірайымова да бар.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Білімі де, білігі де, тәжірибесі де жеткілікті ұстаздың еңбегі лайықты бағаланды. Ақмола ауыл шаруашылығы институтын, кейіннен Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетін аяқтады. Ізденісін жалғастырып, экономика ғылымдарының магистрі атанды. Ұстаздық еңбек өтіліне биыл – тура 30 жыл. Осы уақыт бойы бір оқу орнында тапжылмай, қызмет істеп келе жатыр. 1995 жылы «ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжіне оқытушы болып қабылданып, күні бүгінге дейін осында абыройлы еңбек етуде.

Гүлнар Фазылкәрімқызының басты мақсаты – сабақтарында оқу үдерісіне студенттердің қызығушылығын оятып, әрі қарай да тиісті пәнге қызықтыру. Сол үшін ол түрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Ұстаз бұл жұмысы арқылы білім беру сапасы көтерілетініне сенімді. Өзінің тәжірибесімен ашық сабақтарда бөлісіп, ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, мұғалімдердің тамыз кеңестерінде баяндамаларды жасады. Ізденісін күшейту үшін біліктілік арттыру курстарына қатысып, кәсіпорындарда тағылымдамадан өтті, өзін-өзі үздіксіз жетілдірумен айналысты. Жаңа заман осыны талап ететінін түсінгендіктен, осындай қадамдарға барды. Тәжірибелі ұстаз қазіргі замандағы мұғалім көптеген қасиеттерге ие болу керек деп есептейді.



«XXI ғасыр мұғалімнен жан-жақтылықты талап етеді. Педагог жай ғана мамандық емес, мұғалім болып туу керек. Заманауи мұғалім өзінің атқарып жүрген ісін сүйіп қана қоймай, уақыты мен күшін аямай, бұған бар жандүниесімен берілуі керек. Айналасындағы адамдарға өнеге көрсетіп, зиялылықтың, тәрбиеліктің үлгісі болғаны ләзім. Студенттер ғана емес, әріптестері ұстазға қарап, бой түзеулері тиіс. Мұғалім әр істе үнемі алдыңғы шепте жүріп, қоғамды өзінің соңынан ерте білуі қажет. Бүгінгі ұстаз туралы қоғамда әртүрлі пікір айтылады. Кейбіреулер мұғалім жаңа технологияларға ілессе болды деп есептейді. Біреулер ұстаздың бойынан көшбасшылық қабілетті көргісі келеді» дейді Гүлнар Әбдірайымова.

Студенттерге сабақ қана беріп қоймай, ғылыми жұмыстарға ден қойғызатын ұстаздың көптеген шәкірттері ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, қалалық, республикалық, халықаралық деңгейдегі көрмелерге қатысып келе жатыр.

Гүлнар Фазылкәрімқызының өзі бұдан бұрын техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары ұстаздары арасындағы байқауда арнайы пәндер бойынша үздік ұстаз атанды. «Үздік педагог – 2017» республикалық байқауында топ жарды. Ол – «Қазақ елінің үздік ұстазы» төсбелгісінің иегері. Ерен еңбегі мен іркіліссіз ізденісінің арқасында кезекті табысына қол жеткізген оқытушы осылайша биіктерге самғап келеді.

№117 (4861) 04/10/2025 Сенбі

ТЕМІРЖОЛШЫ ӘУЛЕТІ

547 жыл. Бұл – бір әулеттің темір жол саласындағы еңбек өтілі. Сәлімгерейдің ұлы Минмұхамет Ақмола теміржолының басында тұрса, бүгінде одан өрбіген ұрпақтың дені темір жол бойында еңбек етіп келеді.



Айгүл УАЙС

Темірдей тәртіп пен жауапкершілікті жалау еткен жұмысшы әулетінің ортақ тағдыры таңғаларлық. Әулеттің көшбасшысы Минмұхамет 1940 жылы ата-анасымен бірге Башқұртстаннан Қазақстанға көшіп келген. Ақмола өңіріне келген соң, бір жылдан кейін анасы қайтыс болып, әкесі майданға шақырылады. Елдің басына төнген қасіретті бірдей көтерген артында қалған ұлдары жасынан еңбекке араласады. Минмұхамет Ақмола стансасына жұмысқа тұрып, вагон қарушысы, бұрма бағыттаушысы және пойыз құрастырушысының көмекшісі, жылдар өте келе басшысы болып, 40 жыл шойын жолда жұмыс істейді. Өзінен тараған 7 баланың – Рефхат, Рашит, Раис, Рамиль, Ренат, Сәния, Гүлфия – 6-уының қызметі темір жолмен байланысты болды. Ұлдарының үлкені Рефхат 20 жылдан астам Целиноград стансасында пойыз құрастырушысы болды. Раис сұрыптаушы-оператор бола жүріп, «Новоишимская» стансасының бастығы, «Қырқыншы» станса бастығының орынбасары қызметін атқарды. Рамиль – Екібастұз стансасының бастығы, Ал Ринат болса пойыз құрастырушыдан Ақмола стансасы жедел жұмыстарының басшысына дейін көтерілді. Минмұхаметтің қыздары Сәния, Гүлфия да темір жолда қызмет етті.

Минмұхаметтің немерелерінің ішінде ата кәсіпті жалғастырған Наиль болды. Ол 9-сыныпты бітіргеннен кейін Ақмола темір жол транспорты техникумының «жолаушылар пойызының жолсерігі» мамандығын таңдайды.

– Бұл жолды өзім таңдадым. Әкем ешқашан менің пікіріме, таңдауыма қарсы шығып көрген емес. Меніңше, темір жол – біздің қанымызға сіңген кәсіп. Кішкентай кезімде әкем жұмысына жиі алып баратын. Әлі есімде, көргенімнен, алған әсерімнен қатты толқып оралатынмын. Осының да ықпалы болар, кәсіби теміржолшы болуды таңдағаным сондықтан, – дейді Наиль Раисов.

Әскер қатарынан оралған соң, Наиль Астана стансасында пойыз құрастырушы болып қызмет етеді.



Наильдің әкесі Раис Минмұхаметұлы: «Темір жол саласының мамандары әр кез қажет. Өйткені темір жолды ешкім басқа көлікке ауыстыра алмайды. Ол ешқашан жоғалмайды, темір жол – өмір сүріп, еңбектенуге жол ашатын тура жол» деген еді. Наильдің тағдыры тағы да теміржолшылардың әулетімен тоғысады. Қалап алған жұбайы Галинаның әкесі – 30 жылдық еңбек өтілі бар «путеец». Галина Астанада СТЦ операторы болып жұмыс істеді. Енді Наиль өзінің ұлы Камильді шойын жолға алып шығып, жұмыс барысына жақын тәрбиелеп жүр. Егер ол әулеттің ортақ ісін жалғастырса, қарсы келмейтінін айтады.

– Әкем (Раис) сонау 1959-1960 жылдары Ақмола қаласында (Астана) ескі вокзалдан саябаққа дейін Жеңіс даңғылының бойымен 2-3 жолаушы вагоны бар паровоз жүретінін (ол кезде оны «Железнодорожник саябағы» деп атайтын), сол заманда қоғамдық көлік те болмағандықтан, жолаушыларды тасымалдайтынын жиі еске алады. Минмұхамет атам екеуі бір кездері вагонға емес, тепловоздың дәл өзіне мінген, өйткені инженер атамның досы болатын. Бұл сапар әкеме қатты әсер еткені сондай, міндетті түрде теміржолшы боламын және әкесінің жұмысын жалғастырамын деп шешіпті, – деп еске алады Наиль.

Наильдің әкесі Раис Сәлімгереевті әулеттен бөліп алып атайтын себебіміз бар. 1986 жылы Көкшетау-Новоишимская желісін электрлендіру жұмысы басталады. Раис Сәлімгереев сол кезде осы стансаның басшысы еді. Электр сымдарын тарту жолды тоқтатпастан жүргізілді. Соған қарамастан, құрылыс қарқыны екпінді-тін. Бұрқасын, боранда жұмысшылар жолдың бойында жүрді. Бұл бұрынғы тепловоздардың орнына жаңадан келген электровоздардың алғашқы легі еді. Жаңа жұмыс орындары, жаңа адамдар, электр саласының мамандары қажет еді. Сонымен, алғашқы электровоз сол жылдың 31 желтоқсанында іске қосылып, Раис Сәлімгереев қарамағындағы жұмысшылармен бірге қос қуанышты қатар қарсы алады. Әрлі-берлі жүйткіген пойыздардың өз уақытында шығып, дер кезінде келуінде күн-түн демей, жол бойындағы қозғалысты баққан мыңдаған адамның құрыш қолдарының табы бар. Жұмыстың ауыр әрі қауырт болғанын осыдан-ақ елестете беріңіздер.

Әулетінің тарихын айтып, ескі газет қиындыларымен, көне суреттермен таныстырған Анфиса Раисқызы Сәлімгереева да осы әулеттің өкілі. Ол «Вагонсервис» АҚ Ақмола филиалында жұмыс істейді. Оның акционері – «Жолаушылар тасымалы» АҚ, ол, өз кезегінде, «ҚТЖ» ҰК АҚ акционері.

– Осы салада 17 жылдан бері жұмыс істеймін, ешқашан жұмысымды ауыстырмаймын және өз ісіме адалмын. Бүгінде заң бөлімін басқарамын, басты міндетім – компанияның құқығы мен заңды мүддесін қорғау. Сот ісін жүргізуге қатысу тек кәсіби міндет емес, бұл – төзімділікті, табандылықты, заңды терең білуді талап ететін өмірлік жұмыс. Әрбір сот ісі дау туғызады, заң мен әділдікті қалпына келтіруге болатынын дәлелдеуге мүмкіндік береді. Мен үшін дауларды жеңу ғана емес, сонымен қатар заң үстемдігінің негізінде жатқан құндылықтарды сақтау маңызды, – деді Анфиса.

Оның екі немерелес сіңлісі де осы салада: Эльмира Сәлімгереева Екібастұзда станса диспетчері, ал Диляра Шоман Павлодарда ҚТЖ компаниясының серіктес кәсіпорнында қызмет етеді.

Әулеттің үшінші буыны «Қазақстан темір жолымен» бірге өсіп, шыңдалып келеді. Бір кездері атасының көзін көрген, әкесіне шәкірт болғандар кездескен жерде алдымен осы әулеттің ұрпағына сәлем береді. Ыстық сезіммен аға буынды еске алып, әрқашан жұмысшы мамандығының мәртебесі биік екенін дәлелдеп жүреді. Әулеттің еңбек бақыты деген осы болар!

Елорда құрылысының қарқыны артқан сайын бас қаланы инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету – маңызды міндет. Соның ішінде кәріз жүйесін салу, қолданыстағы осындай желілердің жұмысын үздіксіз қамтамасыз ету – алдыңғы қатардағы мәселелердің бірі.

КӘРІЗ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҢАШЫЛ МАМАНЫ

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Бас жоспарға сәйкес, 2035 жылға қарай қала тұрғындарының саны шамамен 2 млн 275 мың адамға жетеді деген болжам бар. Бұл шаруашылық-тұрмыстық ағынды судың едәуір артуына және қосымша тазарту құрылыстарын салу қажеттігіне алып келеді. Тиісті жұмыстар осы күндері жүргізіліп жатыр. Бұған қарапайым жұмысшылардан бастап көптеген маман атсалысып отыр. Соның бірі – «Астана су арнасы» кәсіпорнының кәріз жүйелері қызметінің шебері Медет Алданов.

Медет Айтмағанбетұлының осы салаға келгеніне 15 жылға жуықтады. Яғни тәжірибесі жеткілікті. Шахтинск технология колледжін, кейіннен Тұрар Рысқұлов атындағы Қазақ экономика университетін тәмамдады. Елордаға Қарағанды облысынан көшіп келген жылы «Астана Тазалық» ЖШС-ке бригадир болып жұмысқа орналасты. Білігін танытып, оператор, нөсер кәріздерін механикалық тазарту бойынша шебер, аға шебер ретінде қызметі сатылап өсті.

Кәріз жүйесімен тікелей айналысатын «Elorda Eco System» мемлекеттік кәсіпорны құрылғанда қызметі соған ауысты. Онда 5 жылдан астам жұмыс істеп, нөсер кәріздерін пайдалану желілерінің учаске бастығы қызметіне дейін көтерілді. Бұл қызметте міндетіне аталмыш учаске жұмысын ұйымдастыру мен осы жұмысқа бақылау жүргізу, соның ішінде жөндеу жұмыстарын жоспарлау мен өткізу, еңбекті қорғау ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету, тиісті есепті әзірлеу, кәсіпорынға қарасты желілердің үздіксіз жұмысы үшін басқа қызметтер мен мердігерлермен байланыс ұстау кірді.

Медет өткен айдан бері «Астана су арнасы» кәсіпорнында еңбек етіп жатыр. Онда ауысқанда алдындағы қызметіндегі тәжірибесі ескерілді. Бұл күнде ол елорданың Нұра ауданындағы кәріз жүйелерінің жұмысына жауапты.

Кейіпкеріміз қызметінде өзін тек жақсы жағынан көрсетіп келе жатыр. Тікелей өзіне қатысты жұмысқа асқан жауапкершілікпен қарайды. Өзіне де, басқаларға да талап қоя біледі. Еңбек тәртібін сақтауға келгенде де мәттақам. Заман бір орында тұрған жоқ, жаңа технологиялар келіп жатыр. Медет соларды өндіріске батыл енгізеді. Бұл тұрғыдан алғанда, жаңашыл маман. Мәселе туындағанда, жағдайды сараптай біліп, тез шешім қабылдайды. Үлкен жұмыс тапсырылғанда тайынбай, адалынан орындайды. Жалпы алғанда, қолға алған істі аяқтамай тынбайды. Бұл – Медеттің әріптестерінің ауызынан естіген сөздеріміз.

Кәріз жүйелері маманының қызметі лайықты бағаланып келе жатыр. 2021 жылы Мемлекет басшысының Құрмет грамотасымен марапатталды. Астана қаласы және елорда аудандары әкімдерінің алғыс хаттарын бірнеше мәрте алды.

Медет Айтмағанбетұлы – отбасында жақсы жар, ардақты әке. Өмірлік серігі Ардақпен бірге 3 ұлды өсіріп отыр. Үлкендері Адият биыл 11-сыныпта оқып жатыр. Одан кейінгі Аймұрат оқушы болса, кенжелері Ілияс – 5 жаста. Әкесі Айтмағанбеттен алған тәрбиедей, Медет те ұлдарын адал еңбекке баулуда. Соның ішінде «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Еңбек етсең – емерсің» деген мақалдарды сөзбен ғана құлағына құймай, іспен де соны көрсетеді.



БЮДЖЕТТІҢ ОНЛАЙН-МОНИТОРИНГІ: БІЛІМ БЕРУ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, СПОРТ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІНІҢ АШЫҚТЫҒЫ

Әлеуметтік салалардағы ең басым баптың бірі – еңбекақы қоры. Білім беру, денсаулық сақтау, спорт және мәдениет салаларында бюджеттің едәуір бөлігі жалақы төлеуге бағытталады, сондықтан бұл бағыт мониторинг барысында ерекше назарды талап етеді.

Тәжірибе көрсеткендей, аталған салаларда негізсіз есептеулер немесе есептіліктегі бұрмалаулар кездесуі мүмкін. Бұл қызметкерлер санының негізсіз артуы, іс жүзінде орындалмаған жұмыс үшін төлемдердің есептелуі немесе ынталандырушы үстемақылардың ашық бөлінбеуі түрінде байқалуы ықтимал. Мұндай жағдайлар бөлінген қаражаттың тиімсіз пайдаланылуына және көзделген мақсаттарға жетпеуіне әкеледі.

Бүгінде департамент тарапынан барлық сала бойынша жалпы сомасы 1 275 534 325 теңгені құрайтын 226 хабарлама жолданды, оның ішінде 56 051 083 теңге мемлекет кірісіне өтелді. Сондай-ақ анықталған бұзушылықтардың нәтижелері бойынша департамент 4 аудиттік іс-шара жүргізді.

Онлайн-мониторинг жүйесі жалақыны есептеу мен төлеу деректерін қадағалауға, оларды кадрлық көрсеткіштермен және мекемелердің нақты қызметімен салыстыруға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл сәйкессіздіктерді дер кезінде анықтауға және негізсіз шығыстардың алдын алуға ықпал етеді.

Осы құралдың арқасында бюджет қаржыландыру жүйесіне деген сенімді нығайтуға, қаражатты әділ бөлуге және еңбекақыны шын мәнінде жұмысын атқарып, білім беру, денсаулық сақтау, спорт және мәдениет салаларының дамуына үлес қосып отырған қызметкерлердің алатынын қамтамасыз етуге мүмкіндік туады.

Сонымен қатар департамент тарапынан еңбекақының негізсіз есептелуін анықтау және жолын кесу бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде, бұл заң бұзушылықтарды уақытылы жоюға және бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

№117 (4861) 04/10/2025 Сенбі



«ШЕКАРАНЫ ШЕГЕНДЕП ҚОЙДЫҚ» ДЕГЕНІМІЗ ҚАЙДА?

Кеден – елдің келбеті. Кедені қандай болса, елі сондай. Шекарасы қандай болса, шебі сондай. Кеден ел дәулетін қадағалап, экономикасын өсіретін қақпа болуы тиіс, жемқорлықтың ордасы емес. Шекарамыз мемлекеттің берік қорғаны болуы тиіс. Біз жақында тәуелсіздігіне 34 жыл болған елдің шекаралары мен кедендерінің қандай күйде екенін көзімізбен көріп келдік.

«БАҚТЫ» КЕДЕНІ АТЫНА САЙ МА?

Жақында Жолдауда еліміздің транзит және көлік әлеуетін арттыру мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі екеніне ерекше тоқталған Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев: «Еліміз Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан. Бұл – бізге әлемдік бәсекеде зор мүмкіндік беретін артықшылық. Сондықтан көлік инфрақұрылымына салынып жатқан әрбір инвестиция өзін-өзі ақтайтыны сөзсіз» деп нақты атап айтты.

Шекарадағы заманауи көлік дәліздері мен өткізу инфрақұрылымын дамыту Қазақстанның бәсекеге қабілетін арттырудың, экспорт әлеуетін ұлғайтудың және еліміздің Еуразиядағы транзит торабы ретіндегі орнын нығайтудың басты негізі болуы тиіс.

Шын мәнінде, елдің ең маңызды қақпаларының бірі – Қытаймен шекарадағы «Бақты» кеден бекетінің жағдайы ұлттық мүддеге мүлде сай келмейді. Бекеттің мүшкіл жағдайын, сыртқы экономикалық саудаға қатысушылардың және отандық автокөлік компанияларының шағымдары бойынша барып, өз көзімізбен көріп қайттық.

2023 жылдың қаңтарынан басталған кеденді жаңғырту жұмысы бүгінде әлі толық бітпей, созбақталып келеді. Абай облысындағы сметалық құны 15 млрд 979,5 млн теңге болатын жоба бойынша өткізу пункті халықаралық стандарттарға сәйкес заманауи техникалық жабдықтармен қамтылуы тиіс еді. Жолаушылар үшін бөлек терминал салынып, «жасыл» және «қызыл» дәліздер енгізілуі, автокөлік жолақтарының саны екіден алтыға дейін көбеюі, барлық кедендік процесс толық автоматтандыру, кедендік рәсімдеу мен бақылаудың ақпараттық жүйелері арасындағы интеграция болады деп жоспарланған. Ал біздің көргеніміз әлі күнге дейін қарапайым тұрмыс жағдайлары жасалмаған. Интернет дұрыс ұстамайды, электр сөніп қалады. Жүк құжаттарын рәсімдейтін брокерлер отыратын әр кабинетте баяғы өткен ғасырдың ортасында құмдағы шопандар электр үшін ұстайтын моторлар тұр. Кеденшілер мен шекарашыларға арналған заманауи ғимараттар салынбаған. Инфрақұрылымды дамыту үшін 3000 гектар жер бөлінгенмен, құрылыс іс жүзінде маңдымай тұр. Жүргізушілердің шағымы да орынды: арнайы автотұрақ, қонақүй, тұрмыстық қажеттілікті өтейтін орындар, қарапайым әжетхана мен қоқыс жәшіктері жоқ. Мұның бәрі халықаралық деңгейдегі шекара бекетіне мүлде лайықсыз.

«Бақты» кеденін жаңғырту жұмыстарын өткен 2024 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған. Бірақ қаржыландыру толық көлемде жүргізілмей, осы жылдың соңына дейін шегеріліп отыр. Бірақ біз көрген құрылыс биыл, енді үш айдың ішінде біте қалады дегенге, бір ғажайып болып кетпесе, ешкім сенбейтін шығар?! Себебі біріншіден, бюджет қаражатын нақтылау процесінің өзі екі жылға созылып кеткен, әлі бітпей жатыр. Екіншіден, жобаға тапсырыс беруші Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитеті бекітілген қаржыны әлі толық бөлмеген.

Соңғы екі жыл бойы елдің шетінде, желдің өтінде өз қаражаты есебінен құрылыс жұмысын жалғастыруға мәжбүр болып жатқан компания құрылысшыларына рақмет!

Мемлекеттік маңызы зор стратегиялық нысанға қаржыны уақытында бөлмеу – жай салғырттық қана емес, ел экономикасына зор тосқауыл.

Жалпы біздің көзіміздің жеткені кеден мен шекара қызметінде бірлескен кешенді бір бас жоспар жоқ.

АРАҚАШЫҚТЫҚ – ЕКІ ШАҚЫРЫМ ЕМЕС, ЕКІ ҒАСЫР

Шекараның арғы жағында жасампаздықпен жалауы биіктеген Қытайдың заманауи инфрақұрылымымен жарқтанған Шәуешек қаласы жарқырап тұрса, біз жақта әлі күнге дейін темір контейнерден құралған «бекет» қана қызмет етуде. Тіпті ол әйгілі қаланы айтпағанда, шекараның дәл іргесіндегі Тарбағатай (Тәжен) ауылында пандемияның екі жылының өзінде 28 көп қабатты тұрғын үй салып, тұтас жаңа қала тұрғызып тастаған. Көкпен таласқан зәулім ғимараттар Қазақстанның құрылысы бітпей, шаңы шығып жатқан кедей кедені мен жалғыз будкалы шекарасына шекесінен қарап, қасқайып тұр. Біз жақта көзге ілінер бір ғимарат жоқ. Қазір өткізіп жатқан кеден бекеті бір жатаған жай. Оның өзін бір кезде Қытай елі салып берген екен. Мұны тәуелсіз Қазақстанның келбеті деп қалай айтуға болады?! Яғни Қазақ елі мен Қытайдың шекара бекеттерінің арасында екі шақырым емес, екі ғасыр жатыр.

Негізі, Абай облысының географиялық мүмкіндігі зор. Қытайдан Ресейге өтетін транзит жолдарының дәл ортасында орналасқан бұл өңір сауда-логистика орталығы болуға әбден лайық. Бірақ ондай әлеуетті біздің Үкімет дұрыс пайдалана алмай отыр. Бюджетке түсетін миллиардтаған қаржыдан айырылып, кәсіпкерлеріміз әділ наразылық білдіруде. Сонымен қатар, жүргізушілердің айтуынша, қазіргі таңда көлік қозғалысы бір жолақпен ғана жүзеге асып отыр.

«Бақты» автомобиль өткізу пунктінің бір жылдағы өткізу мүмкіндігі қазір іс жүзінде 21900 деп, ал жоспар бойынша кеден құрылысы біткенде 182500 көлік өтеді деп көрсетілген. Сонда кеден құрылысын бір жыл ғана кешіктірудің кесірінен қосымша 160600 көлік шекарадан өтпей қалды. Бұл – қазынамызға түсетін қаншама млрд-тардан қағылып отырмыз деген сөз.

Осы жерде тағы бір аса маңызды мәселе – транзиттік көліктердің 90 пайызы Ресей мен Беларусь компанияларына немесе олардың Қазақстанда тіркелген еншілес кәсіпорындарына тиесілі. Қазақстандық нөмірдегі көліктердің өзінде жүргізушілер – шетел азаматтары. Біздің елдің жүк тасушыларына отбасын асырап отырған жалғыз жүк көлігін қаптарып қойып, қаптаған өзге елдің фураларының шеруіне қарап отыру қандай ауыр? Сонда 16 млрд-тық кеден құрылысын өзіміз үшін емес, шетелдіктер үшін салып жатырмыз ба?!

Дәл осындай қазақстандық жүргізушілерге басымдық жасау бұрын «Қорғас» кеденінде де болып, жергілікті тасымалдаушылардың наразылығымен кейін шетелдік ірі логистика фирмалары «Бақты» мен «Достық» кедендеріне ауысқан дейді жүргізушілер. Осыған байланысты «Ақ жол» фракциясының Үкіметке сұрақтары:

1. «Бақты» автомобиль өткізу бекетінің құрылысы не себепті бірнеше жылға созылып кетті?

2. Неге жоба қаржысы өз мерзімінде төленбей, мердігер компанияның өз қаражаты есебінен жұмыс істеуге мәжбүр болуға жол берілді?

3. Құрылыс жұмыстары қашан толық аяқталады?

4. Жауапты лауазымды тұлғаларға қандай шара қолданылады?

5. Қазақстандық тасымалдаушылар үлесін арттыру үшін қандай жағдайлар жасалып жатыр?

81 ШАҚЫРЫМ ҚОРШАУСЫЗ

Шығыс қақпасындағы жағдай осындай қиын болса, батыстың шекарасын көрсең, шығыспен жылап көрісесің. Батыс Қазақстан облысының Казталов ауданы Ресей Федерациясының Саратов облысының Александров-Гай және Новоузенск аудандарымен шекаралас орналасқан. Шекаралық аймақ Казталов, Қайынды, Болашақ, Қошанкөл, Қараоба ауылдық округтері (Казталов, Сексенбаев, Бозоба, Қайынды, Болашақ, Көпкүтір, Қошанкөл, Ордабай, Қараоба елді мекендері) аумағы арқылы өтеді, жалпы шекара ұзындығы 182 шақырымды құрайды. Соның ішінде 43 шақырымы қоршалған, 81 шақырымы ешқандай қоршалмаған, ашықтан-ашық жатыр (шекараның қалған 58 шақырымы су арқылы өтеді). Бір қыста 2 мыңдай жылқы шекарадан өтіп кеткен.

Шығыс Қазақстанның Қатонқарағай ауданында да қаншама қоршаусыз шекарадан қаншама мал көрші елге өтіп кетіп, қайтпай жатыр. Шекара деген құс өтпесе, басқасы өте алмайтын берік қорған болмай ма? Үйірімен жылқы, табынымен сиыр өтіп жүрген жерде қандай шекара бар?!

Ешқандай қоршауы жоқ ашық даланы «мемлекеттік шекара» екен деп ойламай, өтіп кетіп, шекараның жоқ екенін әшкерелеп жатқан жылқыларға еш өкпелеуге болмайды. Осы уақытқа дейін шекара салмаған өзімізге өкпелеуіміз керек.

Күн көріп отырған малы шетелдің жеріне жайылып кетіп, жойылып кете берген соң, күйіп кеткен малшылар шекараны өздері салып алуға, сым тартып, қоршау жасауға аудан, облыс әкімдіктеріне арыз түсіріпті.

ҚОРШАУЫ ЖОҚ ШЕКАРА ҚОРҒАУЫ ЖОҚ ЕЛДЕ БОЛАДЫ

Қоршаусыз жатқан 81 шақырым жердің көлемі қандай? Мұнай мұхитынан тамшы ғана тамып отырған біздің ел секілді емес, мұнайымен халқы мұртын майлап, шалқып, жайнап жатқан елдердің, мысалы, Кувейт елінің батыстан шығысқа дейінгі ені – 170 шақырым. Тағы бір мұнайының қызығын халқы көріп отырған Қатар елінің ені – 80-90 шақырым. «Барыс» боламыз деп талыс болмай, нағыз «Азия жолбарысына» айналған Сингапур елінің ені – 27 шақырым, ал ұзындығы – 50 шақырым. Сонда біздің ашық жатқан шекарамыз – Кувейттің жартысындай, Қатардың енімен бірдей, ал Сингапур елінің енінен тура 3 есе көп кең байтақ дала. Мұндай бір ауданда кішігірім бір мемлекеттің жеріндей жер шекарасыз ашық жатса, сонда қанша жеріміз ашық жатыр? Ол қандай шекара? Ол жүздеген шақырымдай ашық жатқан шекаралар қандай елмен шекарада? Осы ма ұлттық қауіпсіздігіміз? Қайда шекара қызметі?! Бұл – бір аудандағы шекараның жағдайы. Ал елімізде шекаралармен шектескен қанша аудан бар.

Қоршауы жоқ шекара қорғауы жоқ елде ғана болады. Жағдай мұншалықты масқара болса, елдің бүкіл шекарасына шұғыл қатаң тексеру жүргізу керек қой! Шығыстағы бір кеденнен елімізге экономикалық орасан шығын келіп жатса, батыстағы және басқа жерлердегі қоршауы жоқ шекаралардан зор ұлттық қауіп төніп тұр. Бұл сауалым Үкімет басшысына жолданды.

Қазыбек ИСА,
Мәжіліс депутаты

НЕСИЕ АЛУ ХАЛЫҚТЫҢ СОРЫ БОЛУҒА ТИІС ЕМЕС

Несиенің пайдасын көріп, бағы ашылып жатқан жұрттар да бар. Бірақ қазір несиеден несиеге (кредиттен кредитке) дейін күнелтіп жүргендердің бас қайғысын ешкімге бермесін.

Қанша дегенмен, нарық заманында қарызданып күн кешу ешкімге де оңайға түспейтіні белгілі. Тұтас алғанда, елімізде сондай қамыт кигізетін ұсақ ұйымдардың әлі де жұмыс істеп жатқанына кім кінәлі? Айласын асырып жүрген жекелеген банктерге, оның иелеріне мемлекет тарапынан қолданып жатқан бірқатар шарадан жұртшылық неге хабарсыз? Жариялылық қайда? Әлде қабылданған заңдар жұмыс істемейді ме? Кредиттен көз ашпайтындардың ертеңі не болмақ?

Атам қазақ «Сүтқордың (сүтқор – өсіммен дүние тауып, пайда көретін адам) үйін бәлекөр жығар» деп бекер айтпаған шығар (атаулы сөздің анықтамасы ретінде: түрікменше: сүйтхор – өсімқор, өсім алушы (туркм.-рус. сл., 1940) Сол сүтқорлығыңмен байығаныңды көрмедік қой; өзбекше: суздур өсімқор, пайдақор (узб.-рус. сл., 1959); қарақалпақша: сүтқор – сараң, өсімқор (қарақ.-рус. сл., 1958).

Елімізде қаптап кеткен ұсақ несие үлестіргіш ұйымдар мен банктер қызметкерлеріне осының мәнін ұқтырса, кім білсін, басқаша көзқарас қалыптасар ма еді? Өйткені алдауға көніп, арбалып жатқан да өз еліміздің мұқтаж азаматтары. Келісімшартта не үшін қол қойғанына есеп бере алмайтын міскіндер саны азаймай тұр.



Қайткенде де азаматтардың қаржы сауатын арттыру – мемлекеттік маңызы бар іс. Ал оны атқарудан тиісті үкіметтік құрылымдар, сонымен бірге қоғамдық бірлестіктер мен саяси ұйымдар да шет қалмауға тиіс деп санаймыз.

Дархан МЫҢБАЙ,
қоғам қайраткері

«АСТАНА АҚШАМЫ» – 35

КЕШЕГІ ҚОҒАМ КӨРІНІСТЕРІ



2005-2006 ЖЖ.

ШЕКАРАСЫ ШЕГЕНДЕЛДІ

18 қаңтарда Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы «Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы туралы» шартқа қол қойылды.

Осы шартта «мемлекеттік шекара» термині ретінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының құрлықтағы, судағы, жер қойнауындағы және әуе кеңістігіндегі аумақтарының шектерін белгілейтін сызықты және осы сызық бойынша өтетін тік түскен кеңістік белгіленді. 2006 жылдың 12 қаңтарында күшіне енген құжатта халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған қағидаттары мен нормалары, атап айтқанда, аумақтық тұтастық пен шекаралардың мызғымастығы принциптері, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек көрсету туралы 1992 жылғы 25 мамырдағы шарт, XXI ғасырға бағдарланған мәңгілік достық және одақтастық туралы 1998 жылғы 6 шілдедегі декларацияның ережелері басшылыққа алынды.

ӘУЕЖАЙДЫҢ ЖАҢА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРМИНАЛЫ

2 ақпан күні Астана әуежайының жаңа халықаралық терминалының ашылу салтанаты болды.

Есігін айқара ашқан жаңа аэровокзал кешенінің ішкі пішіні асқақтап тұрған шаңырақ түрінде кескінделіп, төңірегі қазақтың қошқармүйіз оюымен өрнектелген. Жаңа жолаушылар терминалының ғимараты бес деңгейден тұрады. Жалпы аумағы 20 мың шаршы метрден асады. Биіктігі – 34 метр. Жаңа терминал 6 телескопия сатыларымен жарақталған. Боинг-747, 400-ді қоса есептегенде, барлық ұшақ түрін қабылдай алатын халықаралық желінің жаңа перроны іске қосылған. Аэровокзал сол уақытта бір мезгілде 750 жолаушыны қабылдады.

«ЖЕҢІС» ПОЙЫЗЫ АСТАНАҒА ЖЕТТІ

26 шілде түс ауа Астана қаласының теміржол вокзалына «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ Ұлы Жеңістің 60 жылдығына орай соғыс және тылда еңбек еткен ардагерлерге көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылған «Жеңіс» мерекелік пойызы келді.

Сәуірдің 26-сы Шу стансасынан өз сапарын бастаған қайырымдылық пойызы үш ай бойы республиканы аралап, Астанада соңғы аялдамасын жасады. Аталмыш пойыз Астанаға келгенде, теміржол вокзалының алдында мәдени шара өтті. Оған соғыс және тылда еңбек еткен ардагерлер мен қала жұртшылығы қатысып, мерекелік пойыздың құрамындағы теміржол компаниясы қызметкерлерімен бірге қайырымдылық шараға қатысқан Тараз қаласының «Мерей» тобы мен Астана қаласы мемлекеттік филармониясы әншілерінің өнерін тамашалады. «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ-тың солтүстік аймақ бойынша өкілі Амангелді Қасымов, соғыс ардагері Қаматай Тоқабаев пен пойыздың жетекшісі Руслан Барбосов сөз сөйлеп, қайырымдылық шарасының маңызы жөнінде өз ойын жеткізді.

ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН ЕСІМІ БЕРІЛДІ

2004 жылы ЮНЕСКО шеңберінде академик Әлкей Марғұланның 100 жылдық мерейтойы аталып өтті. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 шілдедегі №690 қаулысымен елордадағы №40 мектепке академик Әлкей Марғұлан есімі берілді.

Білім беру ошағы Астана қаласы әкімінің 2005 жылғы 29 желтоқсандағы қаулысымен «Әлкей Марғұлан атындағы №40 орта мектеп» мемлекеттік мекемесі атауын алды. 2005 жылдың қазан айынан бастап мектепте Әлкей Марғұлан мұражайын ашу ісі қолға алынды. Ғұлама ғалым туралы деректер мен тарихи құжаттар жинақталып, ғалымның қызы Дәнел Әлкей-қызымен хабарласып, мектепте мұражай ашу жөніндегі ұйымдастыру комитеті құрылды. 2006 жылғы 11 мамырда академик Серік Рүстембековтің демеушілігімен Әлкей Марғұлан мұражайы ашылды.

ТІЗГІНІН ТАРТА МА?

Осы бір жан ауыртар мәселе бүгінде ақпарат құралдарының негізгі мән беріп отырған тақырыптарына айналған.

Өйткені халықтың тұрмыстық қажетін қанағаттандыруға қызмет ететін «Астанаэнергия», «Қалалық электр желісі», «Астанажылутарату», сумен қамтамасыз ету сияқты монополист кәсіпорындар сәуірден бастап бағаны шарықтата көтеруді ұстанып отыр. Ал бұл елорда тұрғындарының еңсесін басып, алаң көңілін туғызуда. Мұнда негізсіз деудің реті жоқ. Себебі өмір сүрудің, кедейшіліктің, зейнетақының және тағы басқалардың ең төменгі шекті мөлшеріне назар салсақ, бұған көзіміз анық жете түседі. Қазіргі кезде Астана қаласында өмір сүрудің ең төменгі шегі – 6499 теңге, кедейлік – 2553 теңге, тапшылықпен тіршілік етіп жатқан 2900 адамның өмір сүруге жұмсайтын күн сайынғы жиынтық қаржысының шығыны 85 теңге екен.

Аманкелді ЖҰМАБЕК
2 наурыз

ҚАЗАҚ ТЕАТРЫ ҚАМҚОРЛЫҚҚА ЗӘРУ

Астана бүгінде шарықтап тұр. Арманның ақ бесігіне де айналды.

Бас қаланың мәдениет пен өнер әлемі тынымсыз тіршілік үстінде: той-мереке, сайыс-жиын толассыз өтеді, алыс-жақыннан ат арытқан өнерпаздардан сахналар да босамай тұр. Бірақ төрткүл дүние көз тіккен жас елорданың рухани реңіне ұлттық болмыс, ұлттық өнерге деген жанашырлық жетпей жатқаны жасырын емес. Оның бір көрінісін Астанадағы жалғыз қазақ театрының жағдайынан-ақ байқауға болады. Классикалық сипаттағы, тарихи тұрғыдағы ірі шығармаларды сахналау үшін де кең сахна, үлкен зал керек екені даусыз ғой. Ал Астанадағы жалғыз қазақ драма театры тек 200 адамға лайықталған. Өткен жылдары кеңейткендей болып еді, бәрібір «тар құрсаудан» шыға алмай-ақ қойды. Жарты миллионнан астам тұрғыны бар елордаға тұрқы шағын театрдың қызмет етуі күлкілі екені түсінікті.

Қымбат ТОҚТАМҰРАТ
8 сәуір

ҚҰЛ БАЗАРДЫҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

Орталық базар. Құмырсқаның илеуіндей құжынаған халық. Қым-қуыт тіршілік, қызқыз қайнаған сауда.

Біреуі нан табу үшін, біреуі жан бағу үшін арпалыс. «Дорогу, дорогу» деп арбасына теңдеп жүк тиеген қазақтың баласы ышқына айқайлап келеді. Кесе-көлденең өтіп жатқан адамдар оны елер емес. Қара базардың жанында екі қолға бір жұмыс іздеп жүрген жандар қоныс тепкен алаң бар. Негізінен, қазақ жігіттері тұрады.

Азамат ЕСЕНЖОЛ
20 мамыр

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ КӨШУГЕ ӘЗІР МЕ?

Қала әкімдігінің кезекті лездемесі өтті. Оған елорда әкімі Өмірзақ Шөкеев төрағалық жасады.

Лездемеде Астана қаласы Тілдерді дамыту басқармасының бастығы Оразгүл Асанғазы елордада 2001-2010 жылдарға арналған тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының орындалуы жөнінде баяндама жасады. Қазіргі уақытта қаланың мемлекеттік органдарында 892 қызметкер жұмыс істейді екен. Оның ішінде мемлекеттік тілде жаза алатыны – 216 адам. Сөйлей алатыны – 414 адам. Ал қазақ тілінен мақұрым қалғандардың саны 157 адам екен.

Мағжан САДЫХАНҰЛЫ
6 маусым

ӨНЕГЕЛІ ҚАРТТАР НЕГЕ АЗ?

Жұмыстан шыққан бетте аялдамада автобус күтіп тұрған едім. Бір мезетте аяғын әрең басып, теңселген екі қарт аялдамаға келіп, жанымызға жайғасты.

Отырған мезетте жағымсыз иісі шыққан екеуі де ерсі қылықтар көрсетіп, аялдамадағы елдің есін шығарды. Ол аз дегендей, араққа бөккен ақсақалдар ауызға келгенін ағытып, былапыт сөздерімен жан-жағындағылардың жағасына жабыссын... Енді бірде тойда асаба ақ сақалды аталарымыз бен ақ жаулықты әжелерімізден отау тіккен екі жасқа бата беруін сұрады. Әжелеріміз бен аталарымыз батасын беріп келе жатып, сөз соңында: «ал енді сол үшін алып қояйық» деп тойшыл қауымға «мөлдіреген суын» алғызып жатты. Айта берсек, қазақтың кейбір қарттарынан көңіл қалар жайттар аз емес. Сонда дейміз-ау, олар осындай іс-қимылдарымен өскелең ұрпаққа қандай өнеге-тәрбие береміз деп ойлайды екен?..

Рима БІЛӘЛҚЫЗЫ
29 шілде

КИІКТІҢ ЖОЛЫН КІМ ҚИДЫ?

«Киік көргендерің бар ма?» деушілерге айтарымыз: 2005 жылы зоология институты мамандарының жүргізген санағы бойынша Қазақстандағы ақбөкендердің жалпы саны шамамен 39600-ге жетіпті» деп жазады С.Әбдісадықұлы.

2006 жылғы санақ бойынша Бетпақдаланы 16 мың, Батысты 10-12 мың, Үстіртті 16 мыңға жуық киік мекендейтін көрінеді. Аз екені аз. Бірақ тұқымының жойылып немесе бозбеткейлі шұрайлы даламыздың көз тоймайтын көркіне айналған жануардың басқа жерлерге мекен ауыстырмағанын қанағат тұтамыз.

8 тамыз

ҚЫЗ АЛЫП ҚАШУ ЕРЛІК ПЕ, ӘЛДЕ...

Оңтүстікте қызық салт бар. Басқа өңірдегілерге ерсі көрінуі де мүмкін.

Оңтүстіктің жігіттері қыз алып қашуда алдыңғы орында екені даусыз. Психологиясын барған жерге «судай сіңіп, тастай бату» әбден меңдеп алған соң, қазақ қызы көнеді. Түсініктірек тілмен айтқанда, «кіммен қарайса, сонымен ағаруға» қыздар өздерін саналы түрде тәрбиелеп алған. Қазақы тәрбиенің өзі біраз мәселенің басын қаузайды. «Көнбеймін, бірінші рет көріп тұрған адамыма қалай барамын?» деп жылаған қызға «біздің бетімізге таңба болады, барған жерден қайтып келген қыз атанасың» деп көндіріп кететін аға-жеңгелер де кездеседі. Жүрегінде қаншама нәзік арманы бар, сүйгенінің жолын тосып жүрген қыздың бүкіл өмірі басқа арнаға бір-ақ күнде бұрылып кете барады. Иә, «есік көргенді алма, бесік көргенді ал» дейтін даналық сөзіміз қаншама қаракөздердің өмірін шуағын шашып қана қоймай, болашағына балта шапты. Шуағын шашқаны – «есік көрген атанып қалмайын» деп өзіне-өзі асқан жауапкершілікпен қарап, жаман қылықтардан тыйылып, абырой таппайтын жерге аяқ баспай тұрып ақ босағаны адал аттаған қыз-келіндердің бары. Ал болашағын балталағаны – досына сенем деп немесе тал түсте көшеден ұрланған, тіпті болмаса жеңге арбауына түскен жазықсыз қыздың кейінгі өмірі. Ерімен тіл табысып, бақытты отбасы болып кететіндері де баршылық. Алайда бір-бірінің мінезінен мүлде бейхабар жандардың жараспай, артынша ажырасып жататыны жиі кездесетіні тағы бар.

Гүлжан РАХМАН
9 қыркүйек

ИІН ТІРЕСКЕН ҮЙЛЕР

Кең жазық сайын дала төсінде орналасқан жаңа астананың қай бағытта да қанатын кең жайып, өсіп-өркендеуіне мүмкіндік жеткілікті. Ол туралы отандық та, шетелдік те сәулетшілер талай-талай айтып жүр.

Бірақ елордада қаланың тынысын тарылта түскендей бір-біріне иін тіресе, қыстырыла-қымтырыла салынып, сонысымен айналасын тарылтып тастаған ғимараттар аз емес. Ондай үйлер әсіресе Есілдің оң жақ жағалауындағы аудандардың бәрінде бар. Оларда аядай жерден кешегі кеңестер кезінде салынған ескі үйлермен бірге кейін салынған жаңа үлгідегі мектеп пен балалар бақшасын, супермаркетті, көп қабатты биік үйлерді де көруге болады. Ондай жерлердегі тұрғындардың жағдайын көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Терезені ашып қалсаңыз, көсіле созылған кең көшені емес, төніп тұрған көрші үйдің терезесін көресіз.

Төлеубай ІЛДЕБАЕВ
16 қыркүйек

БАСПАНА, КАЗИНО, ТЕРІС РУЛЬ

Көп ұзамай тарих табалдырығын аттайтын алдағы жаңа жыл біздің елімізде бірқатар жаңалықпен басталғалы отыр.

Олар, атап айтқанда, 1 қаңтардан бастап баспаналы болғысы келетіндерге бірқатар жеңілдік жасалмақ, казинолар мен түнгі клубтар ірі қалалардан сырт шығарыла бастайды және рулі оң жақта орналасқан автокөліктерге тыйым салынады. Бұл мәселелер алғаш үстіміздегі жылдың 13 қарашасында өткен Қауіпсіздік кеңесінің мәжілісінде көтерілген. Онда Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Үкіметке тұрғын үй құрылысы саласында тәртіп орнатуды, жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру туралы мемлекеттік бағдарлама қабылдауды және Парламентке ұсынылған ойын бизнесі туралы заң жобасының жетілдірілуін қамтамасыз етуді тапсырған болатын.

Төлеубай ІЛДЕБАЕВ
23 желтоқсан

№117 (4861) 04/10/2025 Сенбі



ӨНЕРІ – ІЗГІЛІК МЕКЕНІ

Ұлттық музейде белгілі қылқалам шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ерболат Төлепбайдың 70 жас мерейтойына және шығармашылығына 50 жыл толуына орай «Өнерім – ізгілік мекені» атты көрмесі ашылды. Көрме 22 қазанға дейін жалғасады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ



Қазақ өнері мен мәдениетінің, әдебиеті мен журналистикасының белгілі тұлғалары, саяси және қоғам қайраткерлер жиналған іс-шараның мақсаты – суретшінің өнер әлеміндегі айрықша қолтаңбасын, көркемдік ізденістерін, ұлттық бейнелеу өнеріне қосқан сүбелі үлесін көпшілікке кеңінен таныстыру; экспозиция арқылы қылқалам шеберінің шығармашылық эволюциясын көрсету, мәдени құндылықтарды насихаттау және жас ұрпаққа рухани-эстетикалық тәрбие беру, Қазақстан өнерінің халықаралық деңгейдегі мәртебесін айқындау.

Ерболат Төлепбай әлемнің көптеген елінде 38 жеке көрме ұйымдастырып, Қазақстан өнерін халықаралық деңгейде насихаттады. Ел мәдениетінің дамуына айрықша үлес қосып, Жоғарғы Кеңес депутаты, Суретшілер одағы жастар бірлестігінің жетекшісі болып жас буынға жол ашты.

Көрменің ашылу салтанатына Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев қатысып, ізгі лебізін арнады.

– Ерболат Тоғысбайұлы – қазақ бейнелеу өнерін дамытуға үлкен үлес қосқан дарын иесі. Ол ұлттық бояуды Еуропа және Азия мәнерімен шебер ұштастыру арқылы қазақы сюрреализмнің негізін қалауға жол ашты. Сондықтан отандық көркем-сурет саласына жаңалық әкелген суретшінің көрмесі бүкіл қазақ мәдениеті мен руханияты үшін айтулы оқиға деуге толық негіз бар.

Шын мәнінде, қылқалам шеберінің қай картинасын алсаңыз да үлкен ой, терең философия жатыр. Әсіресе, көшпелілер дәстүрі мен дала даналығы арқылы суретші ұлттық код, тарихи сана, сабақтастық сияқты құндылықтардың маңызын ерекше дәріптейді.

Ерболат Төлепбайдың бұған дейін әлемнің ондаған елінде жеке көрмесін өткізіп, Венециядағы әйгілі заманауи өнер биенналесіне қатысуы да қазақ мәдениетін насихаттауға қосылған зор үлес екені сөзсіз.

Алдағы уақытта бұл көрме, жалпы суретшінің шығармашылығы ұлттық бейнелеу өнерінің тұғырын одан әрі биіктетуге тың серпін береді деп сенеміз және соған тілектестігімізді білдіреміз, – деді Сенат спикері.

Экспозицияға суретшінің әр кезеңдегі таңдаулы туындылары қойылып, көрермен назарына кескіндеме өнерінің сан түрлі бағытын қамтыған шығармалары ұсынылды. Оның картиналары көрерменді өмірдің мәнін, адамның тағдырын, қоғамдағы орнын сезінуге жетелейді. Ал философиясы – адамзатқа ортақ құндылықтарды дәріптеу, сенім мен позитивті энергия сыйлау.

АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ

Халықаралық қарттар күні мерекесінде тағы бір жағымды жаңалыққа куә болдық. Астана қаласы Сарайшық ауданының Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы ашылды. Орталықты Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек өзі келіп ашты.



Бас қала әкімі өзімен бірге әкімдіктің сала басшыларын ала келіп, қарттармен, ардагерлермен кездесу өткізді. Осы іс-шара барысында қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарында атқарылып отырған іс-шаралармен таныстырды. Қалада 150 мың зейнеткер тіркеуде тұр. 382 ардагердің бастауыш ұйымы жұмыс істейді. Аға буынның негізгі міндеті ұрпақ сабақтастығын жалғастырып, жастарға тәрбиелік мәні зор ұлттық құндылықтарды қастерлеуді ұлықтау болса, мұны олар үздіксіз насихаттап келеді.

Қарттар мен ардагерлерге қалалық әкімдік, ардагерлер кеңесі тарапынан көрсетіліп отырған қамқоршылық пен құрмет өз деңгейінде деп айта аламыз. Жыл сайын Халықаралық қарттар күні қарсаңында берілетін бір реттік ақшалай көмек, көлікте тегін жүру, геронтология кабинеті, курорт, санаторияға демалысқа жіберу, түрлі мәдени концертке тегін шақыру – осының бәрін қарттарға деген зор құрмет деп бағалаймыз.

Жаңа орталықтың ашылуында көпшілікпен жүздескен Жеңіс Махмұдұлы ардагерлерге ризашылық білдіре келе, өз ойын ортаға салды. Кездесуге қатысқан сала басшылары сұрақтарға жауап берді. Кейбір түйткілді мәселелердің орындалуын қала әкімі өз бақылауында ұстайтынын айтты. Жалпы қала әкімі Жеңіс Қасымбектің атқарып отырған жұмысына жұртшылық дән риза. Астананың күннен-күнге ажарлануы, көшелер мен жолдардың жаңаруы, мектеп пен емхана санының артуы тұрғындардың көңілінен шығуда. Ауа райының күрт суытуына байланысты жылу маусымының ерте басталуы да барлық жағдай назарда екенін аңғартты.

Басты құндылық, байлық – халқымыз. Олай болса еліміздің амандығын, жұртымыздың тыныштығын ойлап, әрқашан бірлікке шақыратын қазыналы қарттарымыз, ардагерлер, аман-сау жүріңіздер!

Қарлығаш ҚҰСПАНОВА,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі



САНДУҒАШ
7 қазан 19:00
QAZAQCONCERT



КӨНЕ САРЫНДАР
11 қазан 17:00
Филармония залы

«ЖҰЛДЫЗАЙ» ЖҰЛДЫЗЫН ЖАҚҚАНДАР



Астанада мүмкіндігі шектеулі және ерекше балалардың өмірін жақсартуға, спортқа деген қабілетін дамытуға бағытталған «Жұлдызай» республикалық ұлттық инклюзивті ойындары өтуде.

Аталған бәсекеде еліміздің 17 облысы мен 3 мегаполисінен 10-16 жас аралығындағы 542 спортшы бас қосты. Ойынның ашылу салтанатында сөз сөйлеген ҚР Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Руслан Есеналин іс-шара еліміздегі балалар мен жасөспірімдер арасындағы бірегей жоба екенін айтып өтті.

2016 жылдан бері тұрақты түрде ұйымдастырылып келе жатқан бұл шарада 2024 жылмен салыстырғанда биыл спорттың саны 7-ден 9-ға көбейген. Сондай-ақ жобаға жеңіл атлетика, голбол, мини-футбол, үстел теннисі, бес тас, асық ату, тоғызқұмалақтан бөлек, шоудаун мен бочча жаңадан енгізілген.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында спорт және дене шынықтыру қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналуы тиіс, ал ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін олардың дамуы мен толыққанды өміріне тең қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, арнайы клубтар мен оңалту орталықтарын құру қажет деп айтқан болатын. Осы жерде сіздерге өз өмірімдегі тәжірибемді айтқым келеді. Ең бастысы, чемпион болуға ұмтылыңыздар. Тынымсыз еңбек, мақсат болған сәтте ғана сіздер биік шыңдарды бағындырасыздар. Сіздер Қазақстанның болашақ үмітісіздер!» дейді пара жүзуден Рио Паралимпиадасының чемпионы Зүлфия Ғабидуллина.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж –5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 117

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Шапағат ӘБДІР